

Еуразиялық экономикалық одақтың техникалық регламенттерін әзірлеу және Кеден одағының техникалық регламенттеріне өзгерістер енгізу жоспарының II бөліміне өзгеріс енгізу туралы

Еуразиялық экономикалық комиссия Кеңесінің 2020 жылғы 21 ақпандағы № 14 шешімі

Еуразиялық экономикалық комиссия Кеңесінің 2012 жылғы 20 маусымдағы № 48 шешімімен бекітілген Еуразиялық экономикалық одақтың техникалық регламенттерін әзірлеу, қабылдау, өзгерту және олардың күшін жою тәртібінің 3-тармағына, Еуразиялық экономикалық одақ шеңберіндегі техникалық реттеу туралы хаттаманың (2014 жылғы 29 мамырдағы Еуразиялық экономикалық одақ туралы шартқа № 9 қосымша) 3-тармағына және Жоғары Еуразиялық экономикалық кеңестің 2014 жылғы 23 желтоқсандағы № 98 шешімімен бекітілген Еуразиялық экономикалық комиссияның Жұмыс регламентіне № 1 қосымшаның 31-тармағына сәйкес Еуразиялық экономикалық комиссия Кеңесі шешті:

1. Еуразиялық экономикалық комиссия Кеңесінің 2014 жылғы 1 қазандағы № 79 шешімімен бекітілген Еуразиялық экономикалық одақтың техникалық регламенттерін әзірлеу және Кеден одағының техникалық регламенттеріне өзгерістер енгізу жоспарының II бөлімі мынадай мазмұндағы 43 және 44-позициялармен толықтырылсын:

"43. Ет және ет өнімдерінің қауіпсіздігі туралы (КО ТР 034/2013) (сою өнімдері мен ет өнімдерін таңбалауда тағамдық құндылығын көрсетуге қойылатын талаптардың өзгеруі бөлігіндегі № 1 өзгерістер)

Ресей Федерациясы мүше мемлекеттер 2021 жылғы II тоқсан 53

44. Ет және ет өнімдерінің қауіпсіздігі туралы (КО ТР 034/2013) (Техникалық регламенттің ұғымдық аппаратының жекелеген

2022 жылғы Қазақстан Республикасы мүше мемлекеттер 53".

позицияларын
нақтылау
бөлігіндегі № 2
өзгерістер)

II тоқсан

2. Осы Шешім ресми жарияланған күнінен бастап күнтізбелік 30 күн өткен соң күшіне енеді.

Еуразиялық экономикалық комиссия Кеңесінің мүшелері:

Армения Республик асынан	Беларусь Республикасынан	Қазақстан Республикасынан	Қырғыз Республикасынан	Р е с е й Федерациясынан
М. Григорян	И. Петришенко	Ә. Смайылов	Э. Асрандиев	А. Оверчук

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК